



Халықаралық
әйелдер күні құтты болсын!



Сыр бойы

№35-36 (20911-20912) 8 наурыз, сенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi_kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



ШЕКСІЗ МЕЙІРІМ ШУАҒЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған марапаттау рәсiмiнде сөз сөйледi. Президент салтанатты iс-шараға жиналған барша қауымды көктем мерекесiмен шын жүректен құттықтап, әлемге сүйiспеншiлiкпен қарайтын, жан-жағына жақсылық шарапатын сыйлап жүретiн әйелдер қауымына жылы лебiзiн жеткiздi.

– «Әйел бiр қолымен бесiктi тербетсе, бiр қолымен әлемдi тербетедi» деген сөз бекер айтылмаған. Әйел – шаңырақтың шырағы, ұлттың ұйытқысы. Ана – тiршiлiк пен берекенiң бастауы, адамзат бойындағы бар iзгiлiктiң қайнар көзi. Ананың аялы алақаны мен шексiз мейiрiмi әр үйге жылылық бередi. Салт-дәстүрiмiз бен ана тiлiмiздiң бүгiнгi күнге жетуi де, ең алдымен, аналардың арқасы. Өмiрдiң мәнi де, тiршiлiктiң сәнi де – сiздер! Сондықтан, бүгiнгi мейрамда барша ер-азаматтар өздерiңiзге ақ тiлегiн арнап, ықылас-iлтипатын бiлдiрiп жатыр. Солардың iшiнде мен де Мемлекет басшысы ретiнде әйелдерге тiлегiмдi, лебiзiмдi айтып тұрмын, – дедi Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы халқымызда ерлiк пен елдiктiң туын биiк ұстаған арулар аз емес екенiн алға тартып, олардың есiмi ел шежiресiне алтын әрiшпен жазылғанын айтты.

– Тұмар мен Бопай ханымдардың, Домалақ ана, Зере және Ұлпан аналардың, Әлия, Мәншүк, Хиуаз секiлдi бағыр қыздарымыздың аты ел жадында. Сiздердi ақылы мен ажары, даналығы мен даралығы келiскен қазақ әйелiнiң iзбасары деуге болады. Әйелдер қауымы күрделi кезеңдерде аянбай еңбек еттi, Отанымыздың өсiп-өркендеуiне белсене атсалысты. Ұрпақ тәрбиесi – ұлт тәрбиесi. Бүгiнде сiздер санасы сергек, ойы азат ұрпақ өсiрiп, Отанымыздың өркен жаюына айрықша үлес қосып келесiздер. Қазақстанның сан түрлi салада жетiстiкке жетуiне қыз-келiншектерiмiз мол еңбек сiңiруде. Бүгiн Ақордаға шақырылған әйелдер арасында Отанымызға әр салада еңбек сiңiрген бiлiктi мамандар бар. Мен баршаныңа зор алғыс айтамын! – дедi Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пiкiрiнше, аналары алаңсыз қоғамда балалар да бақытты өмiр сүредi. Бұл ретте Президент елiмiзде әйелдердiң құқығын қорғау, оларды қолдау бағытында жүргiзiлiп жатқан игi iстерге айрықша тоқталды.

– Ана мен баланың жағдайы дұрыс болса, әлеуметтiң жағдайы да дұрыс болады. Сондықтан болашағын ойлаған ел, ең алдымен, әйелдердiң жағдайын жақсартуды ойлайды. Мемлекетiмiз әйелдердi барынша қорғауға және жан-жақты қолдауға баса мән бередi. Осы бағытта нақты жұмыстар атқарылып жатыр. Менiң тапсырмаммен отбасы институтын нығайтуды көздейтiн маңызды шаралар қабылданды. Барлық аймақта қиын жағдайға тап болған от-

басыларға қолдау көрсететiн орталықтар ашылып жатыр. Көпбалалы аналарды қолдаудың ұлттық моделi қалыптасты. Соның арқасында жыл өткен сайын көпбалалы отбасылардың саны артып келедi, – дедi Мемлекет басшысы.

Президент қазiр әйелдер түрлi салада табысты еңбек етiп жүргенiн атап өттi.

– Мемлекеттiк қызметшiлердiң жартысынан көбi – әйелдер. Бiлiм беру, денсаулық сақтау саласындағы мамандардың 70 пайыздан астамы да – әйелдер қауымы. Сондай-ақ олар төтенше жағдайлар, қорғаныс және құқық қорғау органдарында табысты жұмыс iстеп жүр. Көптеген әйелдер лауазымды қызметтер атқарады, Сiздердiң араларыңызда да табысты басшылар аз емес. Қыз-келiншектер бизнесте де жетiстiкке жетiп жүр. Бойларыңыздағы мақсаткерлiк пен жасампаздық қуаты ең батыл бастамаларыңызды жүзеге асыруға көмектесiп келедi. Берiк азаматтық ұстанымдарыңызды танытып, қоғамдық жұмысқа да жан-жақты атсалысасыздар. Маңызды бастамалар мен халыққа қажеттi әлеуметтiк жобаларды iске асырып жүрсiздер. Қай iспен айналысасыздар да жауапкершiлiкпен қарап, ұдайы оң нәтижеге қол жеткiзiп келесiздер. Әлемдiк додаларда топ жарып, елiмiздiң абыройын асқақтатып жүрген аруларымыз да бар. Бiз қажырлы еңбегiмен, ерен ерлiгiмен танылған қыз-келiншектердi мақтан тұтамыз. Тәуелсiздік жылдары өз саласының үздiгi атанған 8 әйелге «Қазақстанның Еңбек Ерi» атағы берiлдi, – дедi Мемлекет басшысы.

Осы орайда Президент биыл елiмiзде «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияланып, бiлiктi мамандардың мәртебесiн көтеру үшiн белсендi жұмыс жүргiзiлiп жатқанына назар аударды.

– Мысалы, мемлекеттiк марапаттар жүйесiне жаңадан тоғыз құрметтi атақ енгiзiлдi. Бүгiн осындай екi марапат алғаш рет тапсырылады. «Қазақстанның еңбек сiңiрген құрылысшысы» атағы еңбек ардагерi Ольга Шелудькоға берiледi. Ал өндiрiс озаты Майра Ерманова «Қазақстанның еңбек сiңiрген өнеркәсiп қайраткерi» атанып отыр. Осындай нағыз еңбек адамдарына бүкiл ел болып құрмет көрсетiп, оларды жан-жақты дәріптеуiмiз керек. Жұмысшы мамандықтары жылының түпкi мәні де – осы, – дедi Қасым-Жомарт Тоқаев.

Салтанатты жиында Мемлекет басшысы елiмiздiң дамуына елеулi еңбек сiңiрген, өз саласында жоғары жетiстiкке жеткен бiр топ әйел азаматқа мемлекеттiк наградалар табыстады.

/// МЕРЕЙ

АНАҒА ҚҰРМЕТ – ҰРПАҚҚА ҰЛЫ МІНДЕТ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай «Анаға тағзым» орталығында жылдағы дәстүр бойынша аналар мен қыз-келіншектерді көктем мерекесімен құттықтады. Оған ақ жаулықты әжелер мен көпбалалы аналар, түрлі сала қызметкерлері, аймақ дамуына үлес қосқан кәсіпкерлер, ғалымдар, спортшылар қатысты. Салтанатты іс-шара аталған орталық алаңындағы «Анаға тағзым» ескерткішіне гүл шоқтарын қоюдан басталып, «Анаға құрмет» музейінің көрмесін тамашалаумен жалғасты.

Мереке қарсаңында Қызылордада Алматы облыстық музейлер бірлестігінің «Анаға құрмет» музейі қорындағы мұралардан жасақталған «Аналардың аманаты» көшпелі көрмесі ашылған болатын. Көрмеге ұлтымыздың біртұар азаматтары Асанәлі Әшімовтің, Дүкенбай Досжанның, Шәмшібай Сариевтің, Бердібек Сапарбаевтың, Жақсылық Үшкөмпіровтің аналарының, Сәлима Жұмабекова, Кәмшат Дөненбаева, Әмина Өмірзақова, Сауле Айтбаева сынды қазақ қыздарының портреттері қойылған. Аналар аманатын арқалаған музей қайраткер тұлғаларды өмірге әкелген аналардың ұлағатын ұлықтап, көпшілікке ұсынды.

Басқосуда аймақ басшысы Сыр өңіріндегі әйелдердің білім, кәсіпкерлік бастамашылдығына, әсіресе, көпбалалы аналарға жан-жақты қолдау көрсетілетінін атап өтті.

2-бет



СЫРДА ЕСКЕН САЛТАНАТ САМАЛЫ



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Өнер орталығында» өткен салтанатты іс-шарада аналар мен қыз-келіншектерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесімен құттықтады. Оған ардагерлер, батыр аналар, білім, спорт және мәдениет саласының үздіктері, этномәдени орталықтардың мүшелері, журналистер, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, құқық қорғау, білім беру саласының қызметкерлері қатысты.

Салтанатты іс-шара «Тағдырлар тоғысындағы Ана» театрландырылған хореографиялық қойылымымен ашылды. Күңтізбеге көрік берген, көктемге еріп келген, бар мейірін төгіп келген мерекенің мәні ашылған қойылымға көрермендер қошемет көрсетті.

2-бет

/// ИНВЕСТИЦИЯ ИГІЛІГІ

ҚЫТАЙ САПАРЫ: 9 келісім, 10,8 млрд теңге

Аймақта инвестициялық жобаларды жүзеге асыру және өңір экономикасын дамыту жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Жуырда ғана облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бастаған Сыр елінің делегациясы Қытайға барып қайтты.

– Мемлекет басшысының Қытайдан әлемдік деңгейдегі озық технологияны тарту жұмыстарын күшейту тапсырмасына сәйкес биыл 24-28 ақпан аралығында облыс әкімінің басшылығымен қызылордалық бизнес өкілдерінің делегациясы осы елде болды. Оның

ішінде Шэньси, Нинься-Хуэй, Сычуань және Бейжін өңірлерінің басшыларымен кездесу ұйымдастырылды. Түрлі саладағы 30-ға жуық әлеуетті инвесторлармен келіссөз жүргізілді. Нинься-Хуэй және Сычуань провинцияларында 100-ге жуық қытайлық компанияның қатысуымен ынтымақтастық орнату туралы бизнес-форум өткізілді. Нәтижесінде құны 10,8 млрд теңгені құрайтын 9 жоба бойынша келісім жасалды, – деді облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев кешегі өткен брифингте.

Өткен жылы аймақта 276 млн АҚШ доллар тікелей шетелдік инвестиция тарту жоспарланған еді. Нәтижесінде 9 айда 171,2 млн АҚШ доллары келді. Ол 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 16,6 пайызға өскен. Ал шағын және орта бизнестің өнім шығару көлемі 29,9, жалпы бизнестің экономикадағы үлесі 2,8 пайызға ұлғайса, салықтық түсімі 1,9 есеге артты. Өнеркәсіп саласында 1,1 трлн теңгенің өнімі өндірілген. – Алдағы бесжылдықта өндіріс 86 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланып отыр. Оған қатысты

туындаған мәселелер талқыланып, оларды шешу бағытында тиісті шаралар қабылданды. Былтыр 21 жоба іске қосылып, 411 жаңа жұмыс орны ашылды. Халықаралық деңгейдегі «Қорықт ата» әуежайы жаңа жолаушылар терминалының ашылуы аймақтың көлік-логистикалық әлеуетін арттырды. Әуежайды одан әрі дамыту мақсатында вьетнамдық «Sovico Group» компаниясына сенімгерлік басқаруға беру бойынша келіссөз жүргізілуде. Бұл әуежайдың қызмет көрсету сапасын жақсартады. Халықаралық жаңа бағыт-

тардың ашылуына ықпал етеді. Әрбір инвестициялық жоба өңір экономикасының өсуіне, жаңа жұмыс орнының құрылуына оң әсер етеді. Мемлекет басшысының аэрохабтарды дамыту бойынша тапсырмасына сәйкес әуежай жанынан арнайы экономикалық аймақ құру бойынша тиісті министрліктермен жұмыстар жүргізілуде. Бұл мақсатта әуежай маңынан 550 гектар жер белгіленді, – деді облыс әкімінің орынбасары.

2-бет

Валюта бағамы

\$ 495,95 kzt

€ 535,28 kzt

₽ 5,54 kzt

Ауа райы:

Сенбі

+5°

+2°

Жексенбі

+2°

-3°

АНАҒА ҚҰРМЕТ – ҰРПАҚҚА ҰЛЫ МІНДЕТ



– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады. Бүгін ер азаматтармен иық тіресе қатар жүріп, адал еңбектің үлгісін көрсеткен еңбек адамдары да ортамызда. Қоғамның барлық саласында еңбек етіп, отбасының берекесі мен ұлттың ұйысуына атсалысқан нәзік жандарға, аяулы аналарға шынайы алғысымызды білдірсек деген ниетпен жиналды.

Ұлан-ғайыр даламыздың тарихында өздерін кемел көшбасшы, ақылды ел билеуші, көрнекті қайраткер, ұлт жанашыры, ұрпақ тәрбиешісі, еңбек адамы ретінде танытқан қыздарымыз аз емес.

Мемлекеттің жүйелі қолдау көрсетуінің арқасында қыз-келіншектердің экономикадағы, саясат пен қоғамдық қызметтегі рөлі жыл сайын арта түсуде. Облыстағы мемлекеттік қызметшілердің 45 пайызын, медицина қызметкерлерінің 88 пайызын, педагогтердің 78 пайызын, ал

жалпы бюджеттік саланың 62 пайызын қыз-келіншектер құрайды. Соңғы 3 жылда аймағымызда дүниеге келген 57913 баланың 27741-і немесе 48 пайызы қыз бала. «Алтын алқа», «Күміс алқа» алушылар саны 19 пайызға артқан. Статистикаға көз салсақ, облысымызда 160 мыңнан астам отбасы бар. Оның 48 мыңнан астамы – көпбалалы отбасылар, 17 мыңға жуық әйел – «Алтын алқа» мен «Күміс алқа» иегері. Бұл – біздің өңірімізде алтын құрсақты аналарымыздың саны артып келе жатқанының көрінісі.

Бүгін сіздер арқылы Сыр елінің барша аруларын әсем мерекемен құттықтап, ыстық ықыласым мен ілтипатымды жеткіземін! Көктемнің қырмызы гүліндей құлпырып, әсемдік пен әдеміліктің иесі болып, бақытты да баянды ғұмыр кешіңіздер! – деді облыс әкімі.

Кездесуде «Сыр елі облыстық әйелдер кеңесі» ҚБ төрағасы Райкүл Байназарова аймақта қолға алынған, іске асқан жаңашылдықтарға алғысын жеткізді. Арал

индустриалды-техникалық колледжінің оқытушысы Әсия Келжанова, «Қызылорда облысының Үкіметтік емес ұйымдарының Альянсы Ассоциациясы» заңды тұлғалар бірлестігінің төрайымы Анар Ізден, «Семізбай-У» ЖШС «Иіркөл» филиалының есепке алу операторы Акерке Кабылова кәсіптік білімді, азаматтық қоғамды, өндірісті, кәсіпкерлікті дамыту бастамаларына, көрсетілген қолдауға ризашылық білдірді. Жыршы, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері Күнсұлу Түрікпен жырдан шашу шашып, басқосуға қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Айта кетейік, өңірдің әлеуметтік саласында, ана мен бала, отбасын қолдау бағытында біршама жұмыс атқарылуда. Өткен жылы тұрғын үй кезегіндегі азаматтарға 2500-ден астам жана пәтер табысталды. Аймақта жаңа әлеуметтік нысандар бой көтерді. Былтыр 69 жаңа ғимарат салынып, қазір ел игілігіне қызмет етуде.

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссия отырысы өтті. Күн тәртібінде Қызылорда қаласының тұрғындарын тұрғын үймен қамтамасыз етудегі, туризм саласына бюджеттен бөлінген қаражаттың жоспарлануы мен игерілуіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген сыртқы талдау нәтижелері талқыланды.

Комиссия отырысында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары Айдос Жүнісов, Қызылорда қаласының әкімі Нұржан Ахатов, облыстық денешынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бақтыяр Артаев баяндама жасады.

Аталған мәселелер бойынша облыс әкімі жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырма берді.

– Тұрғын үй кезегі мен оны алғандар тізімін заң талаптарына сәйкес жыл сайын

жариялап, үйді бөлу ашық жүргізілсін. Жетім балаларға бөлінетін кемінде 20%-дық үлес қатаң сақталуы керек. Тұрғын үй алаяқтығының алдын алу үшін түсіндіру жұмыстары күшейтіліп, заң бұзғандарға қатаң шара қолданылатын болады. Сыртқы талдау барысында анықталған заң бұзушылықтарды жоюда нақты шаралар қабылдануы тиіс. Туризм бағытындағы нысандарды қажетті инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге қатысты тиісті ұсыныстар әзірленіздер, – деді облыс әкімі.

ОТАНДЫҚ МАМАНДАРҒА ОҢ КӨЗҚАРАС КЕРЕК

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен құқықбұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомстворалық комиссия отырысы өтті. Күн тәртібінде еңбек мигранттарының арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мәселесі, нашақорлық және есірткі бизнесіне қарсы күресте мүдделі органдар атқарған жұмыс барысы талқыланды.

Облыстық полиция департаменті, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар, денсаулық сақтау басқармаларының басшылары баяндама жасады.

Облыс әкімі көші-қон заңнамасын бұзушыларға, заңсыз еңбек етушілерге тосқауыл қоюды тапсырды.

– Заңсыз шетелдік жұмыс күшін пайдаланған жұмыс берушілерді анықтап, жауапкершілікке тартыңыздар. Жергілікті еңбек нарығына талдау жүргізіп, отандық мамандарды жұмыспен қамту маңызды. Бұл ретте шетелдік жұмыс күшін тартудың тәртібін түсіндіруді басты назарда ұстау керек, – деді аймақ басшысы.

Сондай-ақ есірткі қылмысына қарсы күресті күшейту, есірткінің жасырын таралу

арналарын, интернет арқылы сату әрекеттерін анықтау және жоюдағы арнайы операцияларды жиі ұйымдастыру туралы міндет жүктеді.

– Есірткіні жасырған орындарды анықтауда бейнебақылау жүйесін күшейтуге басымдық беру керек. Арнайы рейдтер ұйымдастыру, ата-аналармен бірлесіп, оқушылар мен студенттерге синтетикалық есірткі мен нашакорлықтың қаупі туралы кеңінен түсіндіру де күн тәртібінен түспеуі тиіс, – деді облыс әкімі.

Комиссия отырысында мектептер мен колледждерде алдын алу іс-шараларын үйлестірудің, арнайы мамандардың қатысуымен кездесулер өткізудің ортақ іске оң әсер ететіні айтылды.

ЖАҢА ҚЫЗМЕТКЕ ШЫҒАРЫП САЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте әріптестері Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы лауазымын атқарған Серік Сермағамбетовті жаңа қызметке шығарып салды. Жылғы облыс әкімінің орынбасарлары, басқарма басшылары, облыстық мәслихат депутаттары қатысты.



Аймақ басшысы Серік Сағитжанұлының адал қызметі мен көпжылдық еңбек тәжірибесін атап өтіп, оған алғыс білдірді.

– Серік Сағитжанұлын барлығыңыз жақсы білесіздер. Еңбек жолын 1988 жылы Балық шаруашылығы министрлігінің материалдық-техникалық жабдықтау орталық базасында бас экономист болып бастаған. Қызылорда қаласы әкімі аппаратының басшысы, Шиелі ауданы әкімінің орынбасары, кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы лауазымдарында нәтижелі қызмет етті. Жалағаш ауданының әкімі, «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ҰҚ» АҚ басқарма төрағасының орын-

басары, жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы, «Қызылорда облыстық кәсіп-одақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы қызметтерін абыроймен атқарды. Арал ауданын 3 жылға жуық уақыт басқарып, әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосты. Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы ретінде бір жылдан астам уақыттың ішінде ауқымды жобалардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етті.

Серік Сағитжанұлы мемлекеттік қызметтің барлық сатысынан өтті, қай қызметте болмасын өзін білікті басшы, мықты ұйымдастырушы, жанашыр азамат ретінде танытты. Жаңа қызметіңізге табыс, зор денсаулық, отбасыңызға амандық тілеймін, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Мәжілісте өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы жолындағы еңбегі үшін Серік Сағитжанұлына Сыр жұртшылығы атынан Қызылорда облысының Құрмет грамотасы табысталды.

Актив отырысында облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев ізгі тілегін жеткізді. Өз кезегінде Серік Сермағамбетов көрсетілген құрмет үшін әріптестеріне ризашылығын білдірді.

**Облыс әкімінің
баспасөз қызметі**

СЫРДА ЕСКЕН САЛТАНАТ САМАЛЫ



Суреттерді түсірген Бағдат Есжанов

Аймақ басшысы жиналған жұртшылыққа жүрекжарды лебізін жеткізіп, көңілге көктем сыйлаған жандарға алғысын айтты.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Әйелдер қауымының отбасындағы, қоғам өміріндегі және мемлекетті жан-жақты дамыту ісіндегі рөлі орасан зор. Қыз-келіншектер өндірісте, шығарма-

шылық жолында, саясат, бизнес және басқа да көптеген салада биік белестерді бағындырып келеді» деген болатын. Біздің аналарымыз, аруларымыз тек отбасының береке-бірлігі, ұйытқысы ғана емес, олар қоғамды дамытуға, елдің ынтымағы мен бірлігін нығайтуға зор үлес қосуда. Аймағымыздың сан алуан саласында белсенді еңбек етіп, ел ырысын арттырған әйел-аналар, Сыр-

дың сұлу арулары – соның дәлелі.

Биыл алғаш рет шұғылалы көктем мерекесі қарсаңында Президентіміз еліне адал қызмет етіп, ерен еңбектің үлгісін көрсеткен әйелдер қауымын мемлекеттік наградалармен марапаттады. Олардың ішінде біздің жерлестеріміз де Астана төрінде Президентіміздің қолынан марапат алды! Барша Сыр жұртшылығының және



ҚЫТАЙ САПАРЫ: 9 келісім, 10,8 млрд теңге

Аймақтың инвестициялық әлеуетін таныстыру, нақты компанияларды тарту мақсатында бірнеше презентациялық материалдар әзірленді. Олар ҚР Сыртқы істер министрлігі мен Қазақстанның шетелдердегі мекемелеріне жолданды. Ауыл шаруашылығы, құрылыс индустриясы, тау-кен өнеркәсібі, химия, жеңіл және тамақ өнеркәсіптерінде құны 2,2 млрд АҚШ

долларын құрайтын 60 инвестициялық жобаның тізірі әзірленді.

Мемлекет басшысының өткен жылы Катарға жасаған ресми сапарының нәтижесінде облыста қуаттылығы 1100 МВт болатын бу-газ қондырғысының құрылысы қолға алынды.

– Облыс әкімдігі тарапынан жобаны жүзеге асыру үшін 280 гектар жер телімі резервке алынды. Оның 100 гектары газ-электр станциясының құрылысына арналған. Қалған бөлігі

болашақ перспективалық жобаларды іске асыру үшін белгіленген. Аталған жоба аймақтың энергетикалық әлеуетін нығайтып, оған сұранысты қамтамасыз етуге ықпал етеді. Аймақ басшысы Үкімет және тиісті министрліктермен бірлескен түрде инвестициялық жобалардың тұрақты жүзеге асуын бақылауда ұстап отыр. Ол өңірге келетін инвестиция көлемін ұлғайтып, экономикалық дамуға серпін береді, – деді А.Зебешев.

Жаңа перспективалық мұнай-газ кен орындарын анықтау және энергетикалық әлеуетті арттыру бағытындағы зерттеу жалғасуда. Былтырғы жылы Арал шөгінді бассейнінің екі учаскесінде кешенді зерттеу жұмысы аяқталды. Нәтижесінде онда 1,1 млрд тонна көмірсутек қоры бар екені анықталды. Атап өтерлігі, ол өңірдің энергетикалық әлеуетін арттырады. Биыл Сырдария бассейнін зерттеу көзделген. Қажетті бұрғылау жабдық-

тары жеткізіліп, далалық жұмыстарға кірісу жоспарланып отыр. Осының нәтижесінде аймақта жаңа кен орындарын ашуға жол ашылды. Бұдан бөлек, «Сауте Ойл» компаниясы «Күмкөл» кен орнында орналасқан қиын өндірілетін тақтатаст мұнайын дестүрлі емес тәсілдермен өндіру жобасын іске асыруда. Қазіргі таңда жобалау жұмыстары жүріп жатыр.

**Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»**

Күн мен Айдан нәр алған, асылдан жаралған



Ол екеуіміз облыс әкімінің тікелей қолдауымен іргесі қаланып, есік ашқан «Анаға тағзым» орталығында кездестік. Орталық іші кіреберістен-ақ көңілге орнықты, кең тынысты бейнесімен баурап алды. Ашылғалы аз уақыт өтсе де бұл орталық жұмысынан жақсы хабардармын. Толықтай цифрлық кеңістікте туған альфа ұрпақтың болашағына алаңдаушылық һәм жауапкершілік орталықта «Даму LIFT», «Креатив урбан тур», «Ойтөбе» секілді бірқатар жобаны жүзеге асыруға ықпал етті. Бұл бастамалар смартфонды серік еткен жасөспірімдерге ой еңбегі мен қол еңбегін ұштастыра отырып, рухани-адамгершілік тәрбие беруді көздеді. Әдептілік әліппесі, дастарқан әдебі, сөйлеу мәдениеті, ата-бабадан мирас қолөнердің сан түрін үйретуге бағытталған шеберлік сағаттары мен психологиялық кеңестер әрбір қыз-келіншекке пайдалы болып, өздерін жаңа қырынан тануға септігі тигені анық. Төрайымның әңгімелесуге осы жерді таңдауы ойға ой қосқандай.

керек, бұл маңызды. Қазір ажырасу үйреншікті құбылыс болып алды. Оның себебін тұрмыс түйткілінен іздеудің қажеті қанша?! Ізгі мінезді адам қандай қиындыққа да төзеді. Сондықтан әрбір қоғамдық бірлестік жаксы мінез қалыптастыратын шаралар өткізе

басталады. Қазір бесіктегі баланы жұбатудың, ұйықтатудың оңай жолы – оның көз алдына смартфонды тоса қою. Бүгінгі әжелер бұрынғы әжелердің болмысынан алшақтап кетті. Елу-алпысқа келсе де ерінен қалмай боянып, тарапып тойға бару керек, қызметі тағы бар, қысқасы, тәрбие көзден таса болған.

Жақында әлеуметтік желіден Мұхтар Ниязовтың ата-әжесінің қолында өскен бала шағының бір үзік сырын оқыдым. Бозбала Мұхтар түнде далада сәкі үстінде атасымен бірге жатады, алданда арқасын сипап қоятын атасының әдеті. Бір кезде бала білдірмей тұрып көше кезіп кетеді, атасының түн іші бір дөңбекшіп баланың арқасын сипайтынын білетін әжесі сол кезде шалының қасына бара қояды. Балам жатыр деп ойлайды шал. Ал әжесі болса, немересінің атасынан сөз естіп қалмауын ойлап, түні бойы көз ілмей, «арқасын сипатып» жүргені қандай жан тербетер оқиға.

Білесің бе, атақты Димаш Құдайберген де ата-әже тәрбиесінде болған. Әжесі қырық жеті жасында жұмысын қойып, бірінғай бала тәрбиесін қолға алыпты. Қазір қайда, сол асылзада әжелер?

– Балабақша тәрбиесі жеткіліксіз дейсіз ғой...

– Бүгінгі балабақша білім мекемесі емес, бизнестік құрылымға жатады. Сондықтан ондағы қызметкерлердің педагогикалық біліктілігі бірінші орынға шықпайды. Бұрын лицензия алу үшін тіпті санитариялыққа талаптар да қатаң қойылатын. Қазір ол жоқ, сондықтан бала кездейсоқ мамандар қолына түсті десек, қате емес. Әлеуметтік желіде баланы қорқытып қараңғыға қамап қойған, аузын басып тұншықтырған, ұрған-соққан сойқан бейнежазбалар тарап жүр. Өрине, көпке топырақ шашуға болмайды, бірақ балабақшаның заңды лицензиясын қайтармаса, сұмдықтардың созыла беретіні анық.

– Бала тәрбиесіне әр адамның басы қатып, жаны ауырғанда ғана санасы сау ұрпақтың өсіп шығатыны шындық. Осы тұрғыда өзіңіздің келешек бейнесіне бейжай қарай алмайтын нағыз жанашыр екеніңізді түсініп отырмын. Сол үшін сізге мың алғыс. Алдыңызға қойған мақсаттарыңызға жетуіңізге тілектеспін.

Облыстық басылым атынан барша әз әжелерді, асыл аналарды, ару қарындастарды мереке қуанышымен құттықтаймын!

Әңгімелескен
Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»



ҚЫРЫҚ ТӨРТІНШІ

8 наурыз қарсаңында нар жүгін көтеріп жүрген нарғыздарды іздейтін әдетіміз бар. Бұл жолғы кейіпкеріміз – тура соның өзі. Шиелілік Ақерке Қабылова – қырықтан астам ер адамнан құралған ұжымдағы бір тал гүл.

Замандасымыз осы аудандағы «Семізбай-У» компаниясына қарасты «Іірқөл» кенішінде ауыр жұмысты ер адамдармен ық тірестіре атқарып жүр. Өзі – кеніштің жөндеу және қалпына келтіру учаскесінде жөндеу және қалпына келтіру жұмыстарын есепке алу операторы.

– Геотехнологиялық алаңда кен айдайтын және оны кері айдайтын ұнғымалар орналасқан. Жердің астыңғы қабатынан құрамында уран тотығы бар ерітінділер соның біріншісі арқылы шығады. Ал кері айдайтын ұнғымалардан құрамынан уран тотығы алынған ерітінділер жерасты қабатына қайтадан беріледі. Өріптестерім ұнғымаларды тазалап, жөндеп, қалпына келтіріп, жұмысында іркіліс болмауын қадағалайды. Менің міндетім – осының бәрін есепке алу, – дейді Ақерке Қабылова.

Кейіпкеріміздің негізгі мамандығы – мемлекеттік жергілікті басқару. «Тәуір мамандық екен, енді неге сол ізге түспедің?» деймін ғой.

– Диплом қолға тигесін жұмыс іздедім. Бос орындарды қарап отырсам, «Іірқөл» кенішіне материалдық қойма меңгерушісінің көмекшісі керек екен. Содан осы орынға орналастым. Кейін қойма меңгерушісі болдым. 2017 жылдан бастап есепке алу операторымын. Негізгі әкем кезінде кеніште еңбек еткен. Сол кісінің жолын жалғап келемін. Өзіме ұжымым, бұл жер қатты ұнайды. Учаскеде 43 ер адам бар, қырық төртіншісі – мен. Үлкендер жағы маған қарындасы ретінде қарайды. Бізде мынау ер адамның, мынау әйелдің тірлігі деген жоқ. Бәріміз бірдейміз. Үстімізде арнаулы жұмыс киімі, аяқтаргерзі етік. Жыл сайын төл мерекемеде ұжымым тосын сый жасап қуантады, – дейді ол.

Ақерке Қабылова жолдасы да өндіріс орнында жұмыс істейтінін, кіл ер адамның ортасында жүргеніне түсіністікпен қарайтынын, керісінше әрдайым қолдау білдіретінін жеткізді. Екеуі бүгінде екі ұл, бір қыз тәрбиелеп отыр. Кейіпкеріміз өнерден де құралақан емес. Жергілікті, республикалық ән додаларында топ жарған. Отбасылық жұп ретінде де сахнаға бірге шығып, өнерін ұсынып тұрады.

Назерке
САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»



ІЗГІ ҚОҒАМ БАСТАУЫ – ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ

«Сыр елі облыстық әйелдер кеңесі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Жалағаш ауданының және Қызылорда қаласының құрметті азаматы Райкүл Мансұрқызы Байназаровамен әңгіме

– Райкүл Мансұрқызы, Халықаралық әйелдер мерекесі құтты болсын! Осы мерекені берекесіз бір датаға танып датаушылар да болған, алайда бұл сәулелі күн аналарға ғиззат, аруларға құрмет көрсетудің символы ретінде адамзат үшін маңызды болып қала береді.

– Орынды. Сегізінші наурыз аясында эстетикалық тұрғыдағы игі шаралар жүзеге асырылады. Әлдекімдердің теріс тәрбие іздеген күнінен шашылған шуақ қаншама жүректі жылытады десеніз-ші!

– Өзіңіз ісін жүргізіп отырған әйелдер кеңесі де бұл мерекеге мейлінше атсалысады ғой...

– Сөзсіз, солай. Қоғамды жақсы иедеяларға біріктіру – біздің негізгі мақсатымыздың бірі. Тек әйелдер мерекесіне емес, біздің бастамамызбен көптеген шара өткізіледі.

Жақында жұмысшы мамандықтар жылына орай «Гүлдей нәзік, болаттай берік» облыстық жұмысшы арулар фестивалі өтті. Ол аймақтағы жұмысшы қыз-келіншектердің кәсібилігі мен шығармашылығын көпшілікке танытуға бағытталған. Осы арқылы қарапайым еңбек адамдарының адал еңбегі мен жетістігін дәріптеп, өскелең ұрпаққа өнегелеу, олардың қоғамдағы рөлін насихаттауды мақсат еттік.

Фестивальдің аудандық кезеңі Шиеліден бастау алып, аймақ көлемінде ұйымдастырылды. Шарараға механизатор, түйеші, кран жүргізуші, тігінші, аспаз, тазалықшы, технолог, қоймашы секілді түрлі салада жемісті еңбек етіп жүрген 60-тан аса қыз-келіншек қатысты.

Фестивальді қорытындылауға арналған салтанатты жиын 3 наурыз күні осы «Анаға тағзым» орталығында өтті. Салтанатты жиында облыс әкімінің орынбасары Ш.Байманов сөз сөйлеп,

жұмысшы аруларға Алғыс хат табыстады.

Кәсіпқойлығы мен шығармашылығын шебер ұштастырып, аудандық кезеңде ерекше көзге түскен 12 қатысушыға «Еңбегімен көрікті», «Құрыш білек», «Адал табыс», «Кәсіби шебер» секілді арнайы номинациялар берілді.

Жалпыұлттық «Наурызнама» онкүндігінде бірнеше шараның өткізілуіне бастама боламыз.

Қызылордалық он алты тігінші қыздың «Көшпенділер ойынына» қатысып, құрақ көрпешелер көрмесін жасағанын білесіз ғой. Алдағы күндері сол қыздар «Атамекен» балалар ауылына барып, өз өнімдерін сыйға тартады. «Жақсылық жолымен» деген акция ұйымдастырамыз. Мен балалар ауылы қамқоршылық кеңесінің де төрайымымын.

Ал 19 наурыз Жанару күнінде аналар ескерткішіне, «Анаға тағзым» аллеяларына, барлық аудандардағы «Руханият орталықтары» алаңдарына гүл егу шарасы болады.

– Жалпы, әйелдер кеңесі немен айналысады?

– Бұл – қоғамдық бірлестік, оның рөлі халық арасындағы белсенділікті дамыту, санасы сау ұрпақтың қалыптасуына қызмет ету. Оның негізі сонау кеңестік дәуірден бері келе жатыр. Сол кезде «Комитет советских женщин» деген ұйым болды, оны ғарышкер әйел В.Терешкова басқарды. Қазір талап, талғам, мақсат, міндет өзгерді. Ол заманда октябрь, пионер, комсомол ұйымдары болатын. Біраз адам қазіргі идеология сол ұйымдардың жұмысын атқара алмай отыр деген пікірде. Біздің халқымыздың бала тәрбиесіне қатысты тамаша құндылықтары бар. «Ата ұлды, ана ұлтты тәрбиелейді» дейді даналық. Осының астарында қандай мән жатыр? Әр бала толық отбасында тәрбиеленуі

ИКЕМДІ ЖҰМЫС КЕСТЕСІ ӘЙЕЛДЕРГЕ ТИІМДІ

Икемді жұмыс кестесі туралы естігеніңіз бар ма? Бұл жайында көбі білмеуі мүмкін. Отбасымен қатар жұмысын да істеп жүрген нәзік жандылар үшін өте тиімді. Сонымен мұндай жұмыс кестесін кімдер қолдана алады?

Бүгінде облыстағы мемлекеттік қызметшілер икемді жұмыс кестесіне көшкен. Тәулігіне тиісті 8 сағатты өз ыңғайына келтіріп, жеке өмірі мен отбасына уақытын арнай алады. Жаңа жүйе бойынша кесте жасағандардың бірі – облыстық мемлекеттік қызмет істері департаментінің бас маманы Әлия Хожбанова. Бұл салада қызмет еткеніне 19 жыл толыпты. Үш баланың анасы түскі үзілісті қысқартып, кешкілік жұмыстан ерте қайтуды дұрыс деп шешкен. Соның арқасында бір баласын мектептен, 2 кішіңтайын бөбекжайдан уақытылы алып жүр.

– Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2023

жылғы 29 мамырдағы №120 бұйрығымен мемлекеттік қызметшілер үшін қашықтан, аралас қашықтан, икемді режимде жұмыс істеу қағидалары бекітілген болатын. Қашықтан жұмыс істеу және икемді жұмыс уақыты режимі мемлекеттік қызметшілердің белгілі бір санының кәсіби, отбасылық және жеке қажеттіліктерін ескере отырып, қолайлы кестені қамтамасыз етеді. Ол жұмыскердің өтініші негізінде жұмыс берушінің актісімен белгіленеді. Себептері уақыт режимі және икемді жұмыс уақыты кезеңі көрсетіледі. Өтініш «Е-қызмет» ақпараттық жүйесі арқылы не персоналды басқару жөніндегі ведомстволық ақпа-



Анаға тағзым мерекесіне арнап, қызылордалық Г.Әмірханова

раттық жүйеге беріледі. Мұндай режимді қолдану кезеңі 6 айдан аспауы тиіс. Кадр қызметі уақытты бақылау және есепке алуды жүргізеді. Жаған өткен жылдың 1 ақпаннан бастап 6 ай мерзімге икемді жұмыс уақыты режимі белгіленді. Тағы да қажеттілік болғандықтан мерзімін алты айға ұзарттым. Түскі үзіліс уақытын 1 сағатқа қысқартып, балаларымды балабақшадан уақытылы аламын, – дейді ол.

Икемді жұмыс кестесін мемлекеттік қызметшілермен қатар еңбек шарты негізінде жұмыс жасайтындар да пайдалана алады.

– Жұмыс уақыты әдеттегідей 8 сағат. Бұл форматтың артықшылығы – қызметкер өзіне жүктелген 8 сағатты ыңғайына қарай қоя алады. Көпбалалы немесе асыраушысынан айырылған жартылай отбасы,

үйінде мүмкіндігі шектеулі бала асырап отырған ата-аналар осы кестемен жұмыс жасауына болады. Дегенмен бір нәрсені ескеру керек. Бұл алғашқыда 6 айға беріледі. Одан кейін қажеттілік болса, тағы созыра алады. Мұндай кесте жалақысына әсер етпейді, – дейді облыстық мемлекеттік қызмет істері департаментінің басқарма басшысы Жасұлан Шынтасов.

Икемді кестеге көшу үшін қызметкер «Е-қызмет» жүйесі арқылы өтініш береді. Бұл өтініш 10 күн ішінде қаралады. Басшы мен қызметкер арасында келісім-шарт орнағаннан кейін, кадр қызметі бақылап отырады. Айта кетейік, қазір аймақта 60 мемлекеттік қызметкер икемді кестемен жұмыс істеуге көшкен.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»



Аралдың жауынгер әйелдері

Биыл КСРО-ның құрамдас бөлігі болған Қазақстанның Ұлы Отан соғысын Жеңіспен аяқтағанына 80 жыл толады. Тарихшылардың деректері бойынша, «майданда әртүрлі кезеңде 800 мыңнан 1 миллионға дейін әйелдер соғысты, олардың 80 мыңы офицерлер болды» деп көрсетеді. Қазақстандық әйелдердің соғысқа қатысуы төңірегінде көптеген ғылыми зерттеу де жүргізілді. Сексен жыл өтсе де, адамзат өзінің тарихындағы осынау қасіретті дәуірге қайта-қайта назар аударуда.

Академик Манаш Қозыбаевтың «Кенес тарихының ең сүбелі бөлігі Ұлы Отан соғысының тарихы зерттеліп келеді. Алайда әлі де шешуін күтіп тұрған проблемалар баршылық» деуі шындығында да кейбір мәселелерді қайта бағалауды, жаңа көзқараспен қарауды талап етеді. Әйелдердің соғыс кезіндегі жанқиярлық ерлігі мен тылдағы еңбегі туралы көлемді материалдар жазылғанымен, толық мәлімет қамтылды деп айта алмаймыз. Оған негізгі себеп – әскери архивтердегі құжаттардың қолжетімді болмауы, құпия сақталуы. Тіпті соғыс кезінде қанша әйелдің соғысқа аттанғаны, қаншасы қаза тапқаны туралы мәліметті толық айта алмаймыз. Кезінде бұрмаланып жазылып кеткен және ақиқаты ашылмаған мәселелерді қайта қарап, зерделеуге мүмкіндік туды.

2021 жылы «Тұмар» баспасынан шыққан «Аралдықтар Ұлы Отан соғысында» кітабының «Аралдық арулардың Жеңіске қосқан үлесі» бөлімінде олардың соғыс пен тылдағы ерлігі, еңбектегі табысы туралы жазылды. Алайда архив материалдары пайдаланылған еңбекте барлығын толық қамтыдым деп айта алмаймын. Арал ауданынан 46 әйел соғысқа қатысты деген дерек кездеседі. Бірақ нақты құжаттарын табу қиындық тудыруда. Сондықтан әр жылдары Арал ауданына көшіп келіп қызмет еткен, Ұлы Отан соғысына қатысқандардың да мәліметін түрлі дерек көздерінен алып, осы олқылықтардың орнын толтыру мақсатында зерттеулерімді жалғастырып, оқирмандарға тың материал ұсынғанды жөн санадым.

Арал әскери комиссариаты арқылы алынған әйелдердің тарихын зерттеу, олардың Отанның ұлы қорғаушысы ретінде қалыптасуын бағалау, жас ұрпақты тәрбиелеудің үлгісі ретінде жауынгерлердің патриоттық қасиеттерін зерттеу – біздің борышымыз. Әйелдердің майдандағы және тылдағы ерлігі мен еңбегі кең және көп қырлы. Оны бір мақала төңірегінде толық қарастыру мүмкін емес. Біздің санамызға соғыс кезіндегі әйел патриот, жауынгер, еңбеккер, жауынгер анасы образдарымен сақталып қалды. Соны кейінгі ұрпақтың да жалынды сақталып қалуына атсалысуымыз керек. Әлия, Мәншүк, Хиуаз сынды батыр қыздарымыздың ерлік істері дүниежүзі әйелдер қауымына батырлықтың, патриоттықтың, сұлулықтың үлгісін паш етті.

Деректер бойынша, соғысқа қатысушы әйелдердің ең көп бөлігі медицина қызметкерлері болған. Қызыл армия қатарындағы дәрігерлердің 41 пайызын, хирургтердің 43 пайызын әйелдер құрасты. Атқыштар ротасының, медсанбат, артиллериялық батареялардың санинструкторлары жаралылардың 72 пайызын, ауру жауынгерлердің 90 пайызын қатарға қосқаны есептелген. Дәрігер әйелдер әскери құрамалардың барлық түрінде қызмет етті. Ерлігі мен қажырлы еңбегі үшін жүз мыңдаған әйел Кенес Одағының түрлі дәрежедегі марапаттарына ие болды. Соғыс жылдарында жауынгер қыздардың ерлігі жоғары мадақтаулармен марапатталды. Кенес Одағының Батыры атағы 90 әйелге берілген. Олардың көбіне өлгеннен кейін де атақ берілді. Бұл жоғары атақ соңғы рет 1990 жылы 5 мамырда Екатерина Деминаға (Михайлова) берілді. 200 әйел «Даңк» орденінің II және III дәрежесімен мадақталды, 4 әйел «Даңк» орденінің толық кавалері, 150 мың жауынгер әйел кенес мемлекетінің орден-медалдарымен марапатталған.

Соғыс кезінде ерлік көрсеткен әйелдердің қатарында аралдық **Палау Құтымұратованы** айтуымызға болады. Ол 1924 жылы Арал қаласында дүниеге келген. Әкесі Құтымұрат Шәмкбаев пен анасы Нақсулу соғыс алдында қайтыс болған. Қала мектептерінен орталау білім алғаннан кейін, 1939 жылы Ақтөбедегі медбикелер дайындайтын 2

жылдық мектепке оқуға түсіп, 1941 жылы бітіріп шықты.

1941-1943 жылдары Ақтөбедегі тубдиспансерде медбике болып қызмет атқарып, 1943 жылдың наурыз айында әскер қатарына шақырылды. Кенес әскері қатарында 3-Украина майданында медсанитар батальоны құрамында, батальон 2-Беларусь майданы құрамында қайта жасақталған соң Польша, Германия территориясында фашистерге қарсы соғысты. Әскери госпитальде медбике болып жұмыс істеді.

Медицина сержанты П.Құтымұратова Қызыл Армия қатарында 1943 жылдан №5496 Далалық жылжымалы терапия госпиталінде медицина қызметкері болып жұмыс жасады. Ол жаралы жауынгерлерге медициналық қызмет көрсетуге жауапкершілікпен қарап, ұқыптылық таныта білді. Осы мінсіз қызметі үшін бұдан бұрын да госпиталь башылығының алғысын алып, «Үздік санитар» төсбелгісімен марапатталған болатын. Саяси сауатты, ұстанымы мықты жан. Медицина сержанты бірнеше рет Үкімет наградасына ұсынылып, «Әскердегі мінсіз қызметі үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталды.

1946 жылы әскер қатарынан медициналық қызмет сержанты шенінде елге оралып, соғыстан кейін лейтенант шені берілді. Қызылорда қалалық ауруханасында медбике болып қызмет атқарды. 1948 жылы Қармақшыда, 1949 жылдан бастап Арал қаласындағы жел-дел жәрдем станциясында фельдшер болып халыққа қызмет етті.

Тізімді әрі қарай жалғастыратын болсақ, Арал аудандық әскери комиссариаты арқылы 16 жасында өз еркімен майданға сұранғандардың бірі – **Балдаш Кенжалына**. Ол 1924 жылы Арал қаласында дүниеге келген. Әкесі Оразбайдан Балдаш, Алдажар, Балжан, Әсем, Ақкенже дүниеге келеді. Алдажар ағамыз 80-жылдарға дейін «Жінішкекұм» ауылында мектепте ұстаз болып қызмет істеді. Қарындастары Балжан, Әсем, Ақкенже «Қарақұм», «Жінішкекұм» ауылында түрлі қызметтер атқарды. Жастайынан білімге құштар болған Балдаш Қызылорда қаласындағы мұғалімдер курсынан бітіріп, Арал ауданындағы «Сайғонды» елді мекеніне жіберілді. Осында бір-жар үй қызмет істеп, 1940 жылы Арал қаласында 1918-1919 жылы туған азаматтар арасында сауатсыздықты жою бойынша курста сабақ берді. Ол соғыс басталар тұста КСРО Орталық Атқару комитетінің 1941 жылғы 10 шілдедегі шешіміне сәйкес, Жеңіс көшесіндегі жастар клубында, өндіріс пен мекемелерде, колхоздардағы қызыл отаулар мен оқу залдарында жастарды әскери оқу-жаттығу ісіне баулу мақсатында ұйымдастырылған оқу курсында сабақ берді.

Балдаш апамыз Аралдағы қорғаныс комиссариатында орысша сауат ашу, әскери қару-жарақты қолдану, гранаталарды, миноменттерді пайдалану ісіне үйрету курсына да дәріс оқыды. Бір мезгіл түске дейін ересектерге сабақ берсе, түстен кейін әскери комиссариатқа барып, өз еркімен әскер қатарына алу туралы өтініш жазды. Небәрі 17 жасқа толған балауса қызды әскери комиссариат жасының жетпеуіне байланысты әскер қатарына алмайды.

Соғыс басталысымен халықтың басым бөлігі өз Отанын, жақындары мен туыстарын қорғау үшін фашизммен күресуге бел байлағанын архив деректері дәлелдейді. Ерлер мен әйелдер ұлтына, жасына, партияда, комсомол мүшелігінде бар-жоғына қарамастан ерікті ретінде Қызыл Армия қатарына қабылдану үшін ұзақ кезекке тұрды. Соғыс қарсаңында өткен КСРО Жоғарғы Кеңесінің IV сессиясында қабылданған жалпыға бірдей әскери міндеткерлік туралы заңның 13-бабымен Қорғаныс Халық комиссариаты мен Әскери Теңіз флотына медициналық, ветеринарлық және арнайы техникалық даярлығы

бар әйелдерді армия мен флотқа алуға және оларды әскери оқуларға шақыруға құқық берілді. Соғыс кезінде дайындығы бар әйелдер армия мен флотта қосымша жұмыс атқаруға және арнаулы қызметке шақырылуы мүмкін болды. Соғыстың басталғаны жарияланған соң-ақ әйелдер осы банка сүйен отырып, партия және комсомол ұйымдарына, әскери комиссариаттарға барып майданға сұранды.

Балдаш апамыздың соғыстағы ерлігі туралы 26 қазан 2018 жылы «Қала мен Дала» газетінде Ермек Жұмахметұлының «Дала госпиталінің медбикесі» атты көлемді мақаласы шықты. Осы мақалада оның әскер қатарына өз еркімен баруының негізгі бір себебі, албырт жастық шағындағы қайсарлығы мен сауатсыздықты жою бойынша ұйымдастырылған курстағы қызметі, әскер қатарына алынуына септігін тигізген болуы керек деп жазылған.

Соғыстың қызған кезінде ол майдандағы Чкалов қаласындағы әскери госпитальге алынады. 1942 жылы Сталинград үшін шайқас жүріп жатқанда жақын маңдағы жараланғандарды Чкалов қаласындағы дала әскери госпиталіне әкеліп, емдеу ұйымдастырылады. Балдаш апамыз осы госпитальге түскен талай жауынгерді өлімнен аман алып қалды. Басынан бақайшағына дейін қаруланған неміс әскерінің жойқын күшіне төтеп бере алмай, шегіне соғысқан кенес жауынгерлерінің рухын көтерген қасиетті «Жеңіс» деген сөзді ол осында госпитальде естілді. Балдаш Кенжалықызының есімі Сталинград қаласын қорғаушылар қатарында айтылады. 1942 жылдың 17 шілдесінен бастап 1943 жылдың 2 ақпанына дейін созылған Сталинград шайқасы кезінде Чкалов қаласындағы әскери госпитальде жауынгерлермен бірге оқ пен оттың ортасында болды. Бірнеше рет жауынгерлік орден-медалдармен марапатталды.

Сұрапыл соғыс аяқталғаннан кейін елге оралып, Ақтөбе облысы Шалқар қаласында мәдениет саласында қызмет істеді. Осында Шаден Көбегеновпен отау құрып, ұрпақ өрбітті. 1957 жылы Қазалы қаласына қоныс аударып, осында Мәдениет үйінің директоры, Қазалыдағы техникумда қызмет істеп 1974 жылы зейнеткерлікке шықты. Ұлы Серік пен Шәмшағұлден өрбіген ұрпақ бүгінгі күні Алматы қаласында тұрақ.

Ануза Жоламанова 1924 жылы Қазалы ауданында дүниеге келген. Ол еңбек жолын 1941 жылы Қазалы аудандық қаржы бөлімінде есепші болудан бастады. Соғыс басталғаннан кейін өз еркімен сұранып 1943-1945 жылдары Кеңес Армиясы қатарында болды. Отжылдында шыңдалып өскен өрімдей қыз, командование тарапынан алғыстарға бөленіп жүрді. Майдан даласындағы ерлігі үшін бірнеше орден-медал иеленді.

Соғыстан кейін 1945-1950 жылдар аралығында туған жері Қазалы ауданындағы мекемелерде әртүрлі қызмет атқарды. 1950-1955 жылдар аралығында Қармақшы аудандық партия комитетінің әйелдер қызметі жөніндегі нұсқаушысы болды. 1955-1958 жылдары Жанақорған аудандық партия комитетінің сектор меңгерушісі, әйелдер жұмыстары бөлімінің меңгерушісі, аудандық партия комитетінің секретары болып қызмет атқарды. 1958-1965 жылдары Арал аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, аудандық партия комитеті бірінші секретарының көмекшісі болды. 1965-1971 жылдары аудандық жоспарлау комиссиясының төрағасы, 1971 жылдан өмірінің ақырына дейін аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің меңгерушісі болып қызмет істеді.

Ол саяси және теориялық білімін үнемі көтеріп отырды. 1961 жылы КПСС Орталық Комитеті жанындағы Жоғары партия мектебін сырттай оқып бітірді, ауданның қоғамдық өміріне белсене араласты. Бірнеше рет аудандық партия комитетінің мүшесі, аудандық кеңестің депутаты болып сайланды. Отан ал-

дындағы еңбегі жоғары бағаланып, КСРО Жоғарғы Кеңесі Президумының Жарлығы бойынша бірнеше медалмен, 1975 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президумының Құрмет грамотасымен марапатталды.

Мағмура Ғалиқызы Баскеева-Сәлімова 1924 жылы қыркүйек айының 24 жұлдызында Астрахан облысы Ганюшкино селосында дүниеге келген.

1942 жылы қыркүйек айының 22 жұлдызында 18 жасар қайсар Мағмура апамыз жастығына қарамастан майданға баруды ұйғарады. Соғыстың бастапқы кезінде кенес әскерлерінің шығыны 1942 жылдың көктемінде соғысушы әскер қатарына және тылдағы құрамаларға әйелдерді жаппай мобилизациялау жүргізуге әкелді. Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті қаулысы негізінде 1942 жылы 23 наурызда, 13-23 сәуірде Әуе күштеріне қарсы қорғаныс, байланыс, ішкі қорғаныс, әскери автомобиль жолдары, Әскери теңіз флоты мен Әскери әуе күштері, әскери байланыс бөлімдеріне әйелдерді жаппай мобилизациялау жүрді. Жасы 18-ден асқан қыздар мобилизацияға түсті. Бұл жұмыс БЛКЖО Орталық Комитеті мен жергілікті комсомол ұйымдарының бақылауымен жүргізілді. Білімі бес кластан төмен болмауы, комсомол мүшесі, денсаулығының дұрыс болуы, баласының болмауы ескерілді. Сол жолы майданға алынған 10 бойжеткеннің ішінде жалғыз қазақ қызы болған екен. Оны алғашында 15-батареяның №731 зенитшілердің артиллериялық полкіне жіберді. 1943 жылы Мағмура Ғалиқызын зенитшілердің артиллериялық полкіне бөлімше командирі етіп тағайындап, Киев қаласына жақын орналасқан Мышеловка селосына жіберді. Бірыңғай қыздардан құралған, Мағмура апамыз командирлік еткен бөлімше жау самолеттерін жазбай танып отырды. Соғыс біткенше бұл бөлімше Киев қаласын қорғауда тұрды.

Зениттік-артиллериялық полктің ардагерлер кеңесінің төрағасы Николай Лукин өз хатында: «Ұлы Жеңістің жолында сіздің де ерен еңбегіңіздің үлесі бар. Сіздің өміріңіз – ерлік» деп жазған болатын. Ерен еңбегі ескеріліп, көптеген орден-медалмен марапатталған.

1945 жылы майданнан жеңіспен оралған соң Сраш Баскеевпен бас қосып, 1946 жылы Қызылорда қаласына келіп жұмысқа орналасты. 1961 жылы ағамыз Арал қаласына көшіп келіп балық зауытында, аудандық комсомол комитетінде жұмыс атқарды.

Мағмура апамыз еңбектен қол үзбей жүріп, отбасындағы сегіз баланың 7-ін Аралда дүниеге әкеліп, 28 мемере мен 51 шөбере сүйген ардақты әже болды. Кейін Қызылорда қаласына қоныс аударды.

Сраш Баскеевтің үлкен ұлы Алмабек аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінде басшы, Арал аудандық сайлау комиссиясында жұмыс істесе, келіні Гүлжан қаладағы №14 орта мектебінде директор, директордың орынбасары болып басшылық қызметтер атқарды.

Мағмура Ғалиқызы жаумен арпалысып, небір ажалды айқастардан өтті, әскери достарын жоғалтты, соғыс аяқталған соң еңбекке араласты. Оның қажырлы еңбегі жас ұрпақтың есінде мәңгі қалатын үлгілі іс.

А.И.Козловская 1919 жылы Түрікменстан КСР-інде дүниеге келген. Кенес Одағындағы 30-жылдардағы аласапыран кезінде отбасымен Аралға көшіп келіп, осындағы №14 орта мектепті бітірген. Соғыс басталғаннан кейін әскер қатарына алынды. Жастығына қарамай майдан даласында шыңдалған қыз 1944 жылдың сәуір айынан 1945 жылдың мамыр айына дейін Қиыр Шығыста Жапонияға қарсы соғысты. №3 құрама сапында поездардың ақауларын жөндеу бөлімінде автоқұралдарды жөндеу мастері болып қызмет етті. Көрсеткен ерлігі үшін «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «Жапонияны жеңгені үшін» мерекелік

медалдарымен марапатталды. Соғыстан кейін Шымкент қаласында мұғалімдер даялайтын институтта жоғары білім алып, Арал қаласындағы №64 орта мектепте мұғалім, 1955-1978 жылдары осы мектептің директоры қызметін атқарды.

Людмила Петровна Никитина

1923 жылы Ленинград облысы, Мгинский ауданы Нижняя Шалдиха селосында дүниеге келген. Соғысқа Арал аудандық әскери комиссариаты арқылы 1942 жылы алынған. 132-атқыштар дивизиясы сапында, 129-атқыштар корпусында сержант әскери шенінде соғысты. Людмила Петровна алдыңғы қатардағы шебер снайперлер болды. Ұрыстарда өзінің шеберлігімен басқалардан ерекшеленді. 1944 жылғы 11 желтоқсан күні немістермен болған ұрыстарда 11 фашистің көзін жойды. Висла өзенінен өтерде өзінің жауынгерлік айла-тәсілдерін ерекше қолдана отырып, он жақ беттен неміс снайперінің атқан оғының ысқырығы арқылы мергеннің бағытын байқап қалып, жерге жатқан күйі алға жылжи түсіп жасырынады. Неміс снайпері байқамай басын көтере бергенде Людмила винтовкасынан оқ атып, оны сұлатып салады. Осының арқасында манадан бері тосылып тұрған атқыштар бөлімшесіне №162-6 төбеге қарай шабуылды одан әрі өрістетуге мүмкіндік жасайды.

Сержант мерген екі рет «Қызыл Жұлдыз» және II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен, т.б. жауынгерлік орден-медалдармен марапатталды.

Жоғарыда бірнеше жауынгер жөнінде қысқаша мәлімет берілген. Мәліметтерді соғысқа қатысқан немесе тылда еңбек еткен әрбір жанға жеке-жеке көлемді етіп жазуға болады. Төменде соғысқа Аралдан аттанған немесе қоныс аударып қызмет істеп, біздің ауданның өркендеуіне үлес қосқан арулар тізімін жариялап отырмын. Олар – Ү.Ақмырзаева, Л.И.Шальнова, Н.Д.Кузьмина, Т.М.Кириллина, Г.А.Ходощ, М.Я.Виноградская, К.С.Соколова, С.С.Попова, А.А.Алексеева, З.И.Бояркина, З.Л.Шмохина, К.А.Забродина, Е.П.Корчагина, Е.Л.Чепбартыкова, М.Ф.Барабанова, А.М.Трифорова, М.А.Кузнецова, М.З.Поломарчук, А.А.Растова, А.П.Астахова, В.А.Малая, А.Н.Козеева, Н.П.Юрченко, А.П.Белостоцкая, В.Г.Недлушко, т.б. қан майданда ерліктің үлгісін көрсетті.

Күнделікті күйбен тірлікпен соғыс жаңғырғығы көмескіленіп, Женісті жаңадатушылар ерлігі ескерімелі қалуда. Тек әйелдер күнін немесе Жеңіс мерекесін тойлағанда ғана қызығушылық білдіреді. «Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін» деген ұранмен тылда ұжымдар еңбек етті. Соғысқа кеткен ер-азаматтардың орнын әйелдер мен балалар басты. 1939 жылғы санақ бойынша Арал ауданында 55 мың халық қоныстанған болса, соның 26 мыңы әйелдер, 9 мыңы ұй шаруасындағы әйел мен жасөспірім болған. Арал ауданында соғысқа дейін тек ерлер жұмыс жасаған, балық зауыттары мен мал шаруашылығында және егін шаруашылығында, кәсіпорындарда, соғыс кезінде 70 пайыз әйелдер еңбек етті. Олар игермеген сала қалған жоқ. Мысалы, Бекбауыл ауылының батыс беткейіндегі «Нұрша» серіктестігінде «40 қатын» немесе «Кенес арық» деген каналды әйелдер қазып, егін егіп, сол жылдары Орджоникидзе колхозы Отанға мол астық тапсырған. Міне, осындай мысалдарды айта берсек көп. Әйелдер майданға кеткен ерлерінің міндетімен қатар, ұй шаруасы, бала тәрбиесі, т.б. қат-қабат істерді атқарып, күш-жігерін, бар тілегін майдан мүддесіне жұмсай білді. Халық жадында соғыс кезіндегі әйелдер бейнесі батыр, жауынгер, еңбеккер, мейірімді ана образдарының сақталуы тиіс дегім келеді.

Болатбек ҚУАТОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі,
Архив саласының үздігі

АНАЛАР АМАНАТЫ – ТАНЫМ МЕН ТАҒЫЛЫМ

Анашым

Анашым,
Уақытты ұрлап жатыр күн жемір,
Шуағымен күлімдейді нұрлы өмір.
Сіз туған күн қарашаның аяғы
Қасыңызда бола алмаппын бірде-бір.

Құрметтім,
Тербемеппін әсем әнмен жаныңды,
Сырласумен атырмаппын таңымды.
Өз қолымнан ас мәзірін ұсынып,
Саусағыңа кигізбеппін лағылды.

Қадірлім,
Аңсасаңда қабағыңды бақтаппын,
Сағыныштың шаттық шамын жақтаппын.
Пенделіктің құрығынан босамай,
Өз қолыммен ақ орамал тақтаппын!

Ақылшым,
Сынық санам себептерін теруде,
Ар-ұятым намысымды сөгуде.
Жарамалпын ақ тілекті ақтарып,
Әжім басқан маңдайыңнан өбуге.

Бағалым,
Жанымды жеп жадау ойлар қаптаған,
Сан сауалдың табанына тапталам.
Қу тірліктің шылауына шырмалып,
Амалсыздан сылтау айтып ақталам.

Төзімдім,
Жылдар жылжып, айлар сырғып, күн өтті,
Сәттерің кей жалғыздықтан жүдетті.
Жаның жаурап әкеміздің жоғына,
Біздер үшін табаныңнан сыз өтті.

Асылым,
Жеті жұлдыз жарқыраттын көгіне,
Ер жеткіздің маңдай терең төгіле.
Жетімдіктің кермек дәмі тандайда,
Бейнетіңнің арбасына жегіле.

Аяулым,
Міне, бүгін сіз туған күн жұмамыз,
Қолын бұлғап қалып барат құла күз.
Жеті ғұмыр, жеті жүрек лүпілі,
Қабыл болсын, перзенттік дұғамыз!

Сабырлым,
Күттің мүмкін осы күнді төзіммен,
Шаттық нұры төгіледі көзіңнен.
Бүгінгі күн сіз аңсаған ақ таңды,
Кіріпкі ілмей атырамын өзіңмен.

Берекем,
Ақ түйенің қарнын жарар шақ бүгін
Ұрпағыңмен өрлей берсін шаттығың.
Ортамызда желбіретіп, жүз жаса,
Әкешімің әулетінің ақ туын!

Ардақты ҚАМАҚ,
Жаңақорған ауданы



ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

«С.Майқанова атындағы мәдениет Үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (БСН 140740024047) Жарғысының (мемлекеттік және орыс тілінде) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.



Халықаралық әйелдер мерекесіне орай облыстық тарихи-өлкетану музейінде Алматы облысы музейлер бірлестігінің «Анаға құрмет» музейі қорынан ұйымдастырылған «Аналардың аманаты» атты көрменің ашылу салтанаты өтті. Мерекелік шараға ақ жаулықты аналар, ардагерлер, арнайы шақырылған қонақтар, өнер иелері, БАҚ өкілдері қатысты.

Ұлы дала тарихындағы дана аналарды, батыр қыздарды, бүгінгі бейбіт өмірде ерен еңбегімен ерекшеленген асыл жандарды ұлықтау, олардың биік болмысын кейінгі ұрпаққа кеңінен насихаттауға бағытталған іс-шара жоғары деңгейде өтті.

Көрмені облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов ашып, әйелдер

қауымын мерекемен құттықтап, «Аналардың аманаты» көрмесінің рухани-танымдық маңызына тоқталып өтті. Алматы облысы музейлер бірлестігінің директоры Талғат Келімбетов Сыр елінің терең тарихына құрметін білдіріп, екі өңір арасындағы ынтымақтас іс-шаралардың әлі де жалғасатынын айтты. Сонымен қатар жиында ардагер-ұстаз, «Құрмет» ордені, Ы.Алтынсарин төсбелгісінің иегері Айсара Нәлібаеваға және 70 жасқа толып отырған облыстың мәдениет саласы ардагерлері кеңесінің төрайымы Гүлнар Ибрагимоваға сый-құрмет көрсетілді.

Білім саласының ардагері, Жаңақорған ауданының құрметті азаматы Айсара Нәлібаева Алматыдан арнайы келген «Аналардың аманаты» көрмесінің жас ұрпақ үшін тәрбиелік мәні зор екенін айта келіп, музей ұжымына алғысын білдірді. Ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Сыр өңірінің тумасы Ш.Сариевтің інісі Жанысбай Сариев аналарға тағзым ету айрықша ізгіліктің көрінісі екенін атап өтті.

Көрмеге ел мақтанышына, ұлтымыздың ұлы тұлғаларына айналған А.Әшімов, Д.Досжан, Ш.Сариев, Б.Сапарбаев, А.Шпекбаев, С.Топтақбаев, Ж.Үшкемпіров, Н.Шайкеновтер біртуар азаматтардың аналары мен С.Жұмабекова, К.Дөненбаева, Ө.Өмірзақова, С.Айтбаева сынды казактың еңбек майталмандары мен ел мақтанышына айналған өнер иелерінің портреттері, ұстап-тұтқан заттары қойылған.

Музейге келушілер ерекше әсер алғанын айтып, өзара ой-пікір бөлісті.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Жүрек қылымы байлауы сол әзизге

Менауырсам әжем ұйықтамайтын. Өзі де ұйқысы сергек адам еді, соны білемін, сәл түшкіріп қалсам еркеліктің ауруы екі есе қосылып, сенбесіңе қоймайтын ыңкыл-сыңкылдың неше түрін қосып жатып алатынмын. Ол кезде ауырғанның тиімді жақтары көп еді. Жан-жағыңның бәрі бәйек болып, жайшылықта қол жетпейтін тәттінің түр-түрі бас жағында үйіліп жатады. Опырып жеп бірден жазылып кетуге болмайды, аз-аздан татып, жатысты ұзаққа созу керек. Кейде суықтап, арасында ыстығың көтерілетіні болмаса, ауылдың баласының ауыра қоюы да екіталай ғой.

Бір күні әжемнің өзі қатты ауырып қалды. Әжімі тереңдеп, көзі шүңрейіп, тамақ ішпеді. Сосын ауданға алып кетті. Өкпесі сыр беріп, туберкулез деген дерт жабысыпты. Содан бітпейтін бір ем-дом басталды. Айлап ауруханада жатады, мен әжемді көргім келеді, қатты сағынамын. Ақыры ауылдың автобусына мініп, ауданға тарттым. Атам қалтама ақша салып, ауылдың бір адамына тапсырып жіберді, ол кісі баратын жеріме жақындаатып тастап кетіп қалды. Ауруханаға кіргізбейді екен. Дәрігерге жыламысырап тұрып алдым, бір кезде аяп кеткен болу керек:

— Қазір түске қарай наукастар күншуаққа, таза ауаға шығады, сол кезде кел, — деді. Қуанып кетіп, бір-екі сағатты зорға болдырдым. Сүйтім де аурухананы айналып, қорасының артқы жағына барып отырдым. Қарным

ашты. Автобустан түсе сала бір дүкенге соғып, бөлке нан алғанмын. Әжем тіске жұмсақ деп бөлке нанды жақсы көретін. Соның сырт қабатын мүжіп жедім.

Бір кезде әжем үш-төрт кемпірмен бірге аулаға шықты. Қарасын көріп, тұра жүгіріп, кең даладай құшағына қойып кеттім. Әжем кемсендеп, бүкіл денесі қозғалақтап кетті. Мұңдық пен Зарлық сияқтымыз. Осы түрімдізді көрген басқа кемпірлер «әй, мына жәмән баланы-ай» деп жатыр.

Әжем алқыннып бетімнен, маңдайымнан сүйді. Бір кезде құлағыма жайлап сыбырлап: — Ана кемпірлерге жолама, аурулары жұғып кетер тағы, — деді.

Ауру кемпірдің біреуі өзі ғой, бірақ менің ойыма ештеңе кіріп шықпайды. Әжемнің қасындамын, бүгінгі бақытым сол. Ал, сорым, ауруханаға қондырмайды, оған рұқсат жоқ, басым салырап қайттым, ауылға.

Кейін әжем біраз уақыт емделіп, үйге шықты. Дәрі-дәрмектен дем алып, ағарған ішіп қайтуға келіпті. Соның өзінде үш мезгіл ішіп жүрген тубазит деген бір дәрісі болды. Оның бір түйірін нанға шанышып итке берсең, аузынан ақ көбік ағып, қага қалады. Кейде адамды «ит жанды» дейді, бұл да бір әшейін сөз-ау. Итті сілейтіп салатын у дәріні әжем ұзақ уақыт ішті ғой.

Мектепте сабақ бастала салысымен бірімізге «манту» деген укол салып кетті. Келесі аптада дәрігерлер өздері екен



дәрінің орнын сызғышпен өлшеп, тексерді. Егер ісіп тұрса қауіп бар деген белгі екен, ең қатты іскені менің қолым болып шықты. Қайта-қайта тексеру басталды. Ауылдың дәрігері Темір ағай әжемнің жағдайын біледі. «Мына баланы кемпір мен шалдың үйінен алып кетпесе болмайды», — депті. Ауру жұғады деп ашып айтпайды, бірақ дәрігердің «контактный» деген жазуы бар бір қағаздары жүр, қолымызда. Әкемің қарындастары да мені қарашаңырақтан алыстатуға үгіттеді. Болмады. Ең қымбат адамымның қасынан ешқайда кетпейтінімді түсінді.

Әжеммен, әкеммен (атаммен) бірге болсам болды, маған басқа ештеңе қызық емес-ті. Өз әкешем де іштерінен тынып, қанша қиналса да, күшке салып жүлқылап әкеткен жоқ, тәуекел еткен шығар.

Мен сол әкеммен одан кейін де ондаған жылға жуық бірге тұрдым. Атам қайтқан соң ауладағы екі үйдің малын, жанын біріктіріп, бір үй болды. Тамаққа отырсақ әкемің кесесінен шай ішіп, қасығымен тамақ жеймін.

Ол кезде, ересек болып, ой-санам өсіп қалған. Көңіліне алып, өзін бөлек сезінбесін деп әдейі істеймін. Алаға шүкір, сол дерт бізге жұға қоймады. Дәрігерлердің өздері сенбей мені қайта-қайта апарып «дем ал, дем алма» дейтін құрылғыларына түсіре берді. Өкпеге өкпе жоқ, тап-таза болып шықты.

Кешегі коронавирустың кезінде де жұрттың ортасында жүрдік, талайлар алқынып, қиналып жатқанда «алтын тәж» киген ауру да айналып өтті, бізді. Мен айтпағымда ауру адаммен бірге тұра беруді дұрыс демеймін, бірақ өз басым бала кезімде қауіп-қатер, ауру-сырқау дегенді ұққан емеспін.

Тіпті, ашық жұғатын өкпе ауруы вирустарының маған неге дарымай қалғаны дәрігерлерге де жұмбақ болды, сол кезде. Оның ең басты себебі, әже мен немере арасындағы жүрек қылына байланған сүйіспеншілік болса керек.

Арада қанша жыл өтті. Бірде жол түсіп Жалағаштан Қармақшыға қарай өтетін теміржолдан түсе бергенде жүрегім шым ете қалды. Бағғы аурухананың орны теп-тегіс, бұзылып кетіпті.

Бір сәтте уақыт кері айналып, өзім бала бейнесіне еніп, ауруханада жатқан әжеме жүгіріп баратын жандаймын, қолымда мүжілген нан...

Соңғы бір күндері жеңіл-желпі дерт айналыдырып, оған өзім мән бермей сәл асқындырып алсам керек. Күн-түні ұйқым қашып, ауруханада жатсам, екі күн қатарынан түсіме әжем кірді.

Мен ауырсам әжем ұйықтамайтын...

Мұхтар НИЯЗОВ,
айтыскер ақын,
үш дүркін
«Алтын домбыра»
сыйлығының иегері

Газеттің келесі саны 13 наурыз, бейсенбі күні шығады.

ОҢАЛТУ РӘСІМІ

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жыл 3 наурыздағы ұйғарымымен Қызылорда қаласы, С.Торайғыров көшесі, 286 мекен-жайында орналасқан «МКК Элит Строй» ЖШС-не (БСН 090240008404) қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды.

Кредиторлар талаптарын хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Жақаев к-сі, 10 үй, 201-кабинет, тел.: 87022204140

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының ұжымы және барша Сыр медицинасының қызметкерлері әріптесіміз Құрманғали Алмат Дәденұлына қарындасы **Құрманғали Айда Дәденқызының**

дүниеден озуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы мен облыстық физиотерапиялық орталығының ұжымы медицина саласының ардагері

Бодықов Жәндияр Рашбайұлының

дүниеден озуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Облыстық физиотерапиялық орталығының ұжымы медицина саласының ардагері

Имашева Зағина Имашқызының

дүниеден озуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИЯ

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

https://twitter.com/syrboyi

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10

(1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Авторларға газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.